



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРЫ

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ 2021


Деректер 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағын жүргізу кезінде әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келтірілген

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

60 және одан жоғары егде жастағы халықтың саны 2 457 182 адамды құрады (жалпы халықтың 12,8%).

65 және одан жоғары жастағы халық саны - 1 566 517 адам (ел халқының жалпы санынан 8,2%).

60 және одан жоғары егде жастағы адамдарды аймақтар бойынша және жергілікті жердің түрі бойынша бөлу (%)



ҚАЛА АУЫЛ


60 және одан жоғары жастағы ауылда тұратын егде жастағы адамдардың ең үлкен салмағы - Алматы (20,6%), Түркістан (15%) және Шығыс Қазақстан (10,2%) облыстарында, қалалық - Алматы қаласында (16,9%), Қарағанды (11,8%) және Шығыс Қазақстан (10,6%) облыстарында.

Жынысы мен жергілікті жердің типі бойынша егде жастағы халықтың үлесі



60 және одан жоғары егде жастағы адамдардың 63,4% - ы (1 558 414 адам) қалаларда, 36,6%-ы (898 868 адам) ауылдарда тұрады.


Ел аймақтарындағы 60 және одан жоғары жастағы қарттардың үлесі (%)



Өңірлердегі халық санындағы егде жастағы адамдардың үлес салмағы - Солтүстік Қазақстан облысында 20,7%-дан Маңғыстау облысында 8,1%-ға дейін


ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

60 және одан жоғары жастағы халық санындағы ерлер мен әйелдердің үлес салмағы



60 және одан жоғары егде жастағы әйелдердің үлесі 60,8% (1 494 841 адам), ерлер осы жастағы қарттардың жалпы санынан 39,2% (962 341 адам) құрады. Бұл жас тобындағы егде жастағы әйелдердің саны ерлерге қарағанда 1,5 есе көп.

65 және одан жоғары жастағы халық санындағы ерлер мен әйелдердің үлес салмағы



65 жастан асқан егде жастағы әйелдердің үлесі 63,5% (994 521 адам), ерлер осы жастағы қарттардың адамдардың жалпы санынан 36,5% (571,996 адам) құрады. 65 және одан жоғары егде жастағы әйелдердің саны ерлерге қарағанда 1,7 есе көп.

Егде жастағы адамдардың 80,2% – 60-74 жас аралығында, 75-89 жас аралығындағы - егде жастағы адамдардың 18,5%, 90 және одан жоғары жастағы - егде жастағы адамдардың жалпы санының 1,3%.



Кәрілік (60-74 жас)




Қартайған жас (75-89 жас)




Ұзақ өмір сүрушілер (90 жас және одан жоғары)


Егде жастағы әйелдердің саны осы жас топтарының әрқайсысында ерлерге қарағанда – 60-74 жас тобында 1,4 есе, 75-89 жас тобында 2,3 есе және 90 және одан жоғары жастағы адамдар тобында 3 еседен астам.



60-74 жас тобындағы жынысы бойынша егде жастағы адамдардың үлесі



75-89 жас тобындағы жынысы бойынша егде жастағы адамдардың үлесі



90 жас және одан жоғары жас тобындағы жынысы бойынша егде жастағы адамдардың үлесі

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Егде жастағы халықтың басым бөлігін қазақтар құрайды – 1,2 млн. адам (51,3%), одан кейін орыстар – 0,7 млн. адам (30,1%), украиндар – 0,1 млн. адам (5,1%), татарлар – 52 мың адам (2,1%), өзбектер – 50 мың адам (2,1%), немістер – 41 мың адам (1,7%), ұйғырлар – 34 мың адам (1,4%) және басқа ұлттар – 152 мың адам (6,2%).




ҚАЗАҚТАР	51,3%	●	●	2,1%	ӨЗБЕКТЕР
ОРЫСТАР	30,1%	●	●	1,7%	НЕМІСТЕР
УКРАИНДАР	5,1%	●	●	1,4%	ҰЙҒЫРЛАР
ТАТАРЛАР	2,1%	●	●	6,2%	ЖӘНЕ БАСҚА ҰЛТТАР

НЕКЕ ЖАҒДАЙЫ

60 және одан жоғары егде жастағы адамдардың жартысынан сәл астамы (52,8%) некеде тұрады. Әрбір төртінші егде жастағы адам ешқашан некеде болмаған / және әрбір бесінші – жесірлер. Егде жастағы адамдардың 3,1% ажырасқан.


Егде жастағы адамдарды некедегі жағдай бойынша бөлу (%)




БІЛІМІ

60 және одан жоғары егде жастағы адамдардың жалпы санынан үштен бірінде кәсіптік білімі бар, әрбір төртінші адамның орта білімі бар және әрбір бесіншісінің жоғары білімі бар. Егде жастағы халықтың оннан бір бөлігінде негізгі орта білімі бар.

Егде жастағы адамдардың білім деңгейі бойынша құрылымы



Академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар егде жастағы адамдардың санын олардың жалпы санынан үлестіру (адам, %).




Барлық егде жастағы адамдардың арасында 11 628 адам (0,5%) академиялық немесе ғылыми дәрежеге ие. Оның ішінде 7 451 адам (64,1%) магистр дәрежесіне ие, 3 311 адам (28,5%)- ғылым кандидаттары, 469 адам (4%) - ғылым докторлары, 397 адам (3,4%)- философия докторлары (PhD).

ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

60 жастан асқан барлық халықтың 20,6% (506 735 адам) (әрбір бесінші егде жастағы адам) еңбек қызметімен айналысады. Олардың негізгі бөлігі (78,3%) жалданбалы жұмыс істейді. Әрбір алтыншы жұмыс істейтін егде жастағы адам жеке қызметпен айналысады. Осы жастағы жұмыспен қамтылған адамдардың 3% жұмыс берушілер болып табылады.

Жұмыспен қамту түрлері бойынша 60 жастан асқан жұмыспен қамтылған халық



Экономикалық қызмет түрлері бойынша 60 және одан жоғары жастағы жұмыспен қамтылған егде жастағы адамдар (%)




60-80 жас аралығындағы еңбек қызметімен айналысатын әрбір төртінші адам ауыл шаруашылығында (25,3%), әрбір жетінші адам көтерме-бөлшек сауда саласында (14,9%), ал әрбір оныншы адам - өнеркәсіптік қызмет саласында жұмыс істейді (10,5%), сондай-ақ осы жастағы адамдардың бестен бір бөлігі құрылыста, білім беруде және көлік саласында жұмыс істейді (19,2%).

Барлық қызмет салаларында жұмыспен қамтылған ерлердің үлесі әйелдерге қарағанда едәуір жоғары. Өнеркәсіпте жұмыс істейтін егде жастағы ер адамдар әйелдерге қарағанда 4 есе көп; құрылыс және көлік саласында - 3 есе; ауыл, орман және балық шаруашылығында, сондай – ақ сауда саласында - 1,5 есе; және тек білім беру жүйесінде еркектердің жұмыспен қамтылуы әйелдердің жұмыспен қамтылуынан 1,2 есе төмен.


Жұмыспен қамтудың ең жоғары деңгейі 60-64 жас аралығындағы егде жастағы адамдар тобында байқалады, 70 жасқа қарай егде жастағы адамдардың экономикалық белсенділігі алтыдан атам есеге төмендейді.

Еңбек қызметімен айналысатын егде жастағы халықтың 20,6% - (506 172 адам) ішінен:



КҮНКӨРІСТІҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ


Зейнетақы алатын 60 жастан асқан егде жастағы адамдардың үлесі



Зейнеткерлік жасқа жеткенде мемлекеттен зейнетақы алатын 60 жастан асқан егде жастағы әйелдердің үлесі бұл жас тобындағы ерлерге қарағанда 2 есе көп.


Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, ер адамдар үшін зейнеткерлік 63 жас

60 жастан асқан егде жастағы адамдарды негізгі күнкөріс көздеріне бөлу (%)



- ЗЕЙНЕТАҚЫ
- ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСШЫ
- ТУҒАН ТУЫСҚАНДАРДАН НЕМЕСЕ ЖАҚЫНДАРДАН БАСҚА МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК
- ӨЗІН ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
- ЖЕКЕ АУЛАСЫНАН ТҮСЕТІН ТАБЫСТАР
- ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ БАСҚА ДА ТҮРЛЕРІ
- МЕНШІКТЕН ТҮСЕТІН ТАБЫС
- МҮГЕДЕКТІГІ БОЙЫНША ЖӘРДЕМАҚЫ
- БАСҚА

60 жастан асқан халықтың 73,5%-ы (1,8 млн.адам) зейнеткерлік жасқа толған кезде базалық зейнетақы алады. Зейнеткерлердің негізгі бөлігі (71,5%) 50 000-нан 100 000 теңгеге дейінгі мөлшерде зейнетақы алады. Зейнеткерлердің 22,5%-ның зейнетақы мөлшері 100 000-нан 150 000 теңгеге дейін, зейнеткерлердің 5,8%-ы айына 150 000-нан 300 000 теңгеге дейін зейнетақы алады.



16,4% (400 мың адам) құрайтын 60 және одан жоғары жастағы жалдамалы жұмыс істейтін егде жастағы адамдардың 14,1% (әрбір жетінші адам) - ай сайын 50 000 теңгеге дейін, 33,8% (әрбір үшінші адам) - 50 000-нан 100 000 теңгеге дейін, 25,3% (әрбір төртінші адам) - 100 000 теңгеден 150 000 теңгеге дейін, 12,7% - 150 000 теңгеден 200 000 теңгеге дейін, 14,1% - 200 000 теңгеден жоғары табыс табады.

